

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«Мәдениет және өнер» факультеті

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы



**В031 – Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерге
арналған шығармашылық емтихан**


БАҒДАРЛАМАСЫ

Шымкент, 2026 ж.


В031 – «Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсетін талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан бағдарламасы.

Бағдарлама «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының мәжілісінде қаралған,

№ 9 хаттама «21» 04 2026ж.

Кафедра меңгерушісі  Болысбаев Д.С.

Бағдарлама «Мәдениет және өнер» факультетінің әдістемелік комиссиясымен мақұлданған, хаттама № 9 «30» 04 2026ж.

ӘК төрайымы  Г.С. Ауелбекова

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығынегізінде әзірленген.

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-да күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде – 15 тамыз аралығында өткізіледі.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Мақсаты: В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалары тобын таңдаған талапкерлерге осы бағдарлама арқылы шығармашылық емтихандардың мақсаттарын, талаптарын болашақ мамандыққа қажетті алғашқы қасиеттерімен алғы шарттарын түсіндіру.

Міндеттері: Бағдарлама арқылы оқуға түсуші талапкерлерге шығармашылық емтиханның нақты талаптары, сурет салу заңдылықтары мен композициялық шешімін таба білудің жолдары көрсетіледі.

Мазмұны

Оқуға түсуші есте сақтау, қиялдау, ойлау арқылы немесе тақырып бойынша картина салу, оқуға түсушінің шығармашылық ой-қабілетін дамытып, өзін қоршаған әлемдегі құбылыстар туралы танымын байытып, тереңдете түседі. Олар: бақылау, ойлау, композициялық шешім табу т.б. Сурет, кескіндемеден емтихан тапсырғанда талапкерлер гипстен жасалынған геометриялық денелерден натюрмортты екі түсті мата фонында, жанынан жарық түсірілген натюрморт суретін салады.

Негізгі ереже:

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалары тобы таңдаған маманданулары бойынша университетке түсемін деген талапкер екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ оқу сауаттылығы, қазақстан тарихы бойынша тесттен өтеді.

Сурет, кескіндемеден емтихан тапсырғанда талапкерлер тұрмыс заттарынан құралған, көлемі, түсі әртүрлі, екі түсті мата фонында, жанынан жарық түсірілген натюрморт суретін салады. Суреттен емтиханды талапкерлер А3 форматқа карандашпен композициялық заңдылықтарды сақтай отырып, көлемді заттар құрылымын талдай отырып салады, заттардың

пропорциясын, кеңістікте бір-бірінен алыс-жақын орналасуын, жеке заттардың түстерін талдай отырып, сызықтық, ауа перспективалар заңдылықтарын сақтауы тиіс.

Емтихан талаптары

Шығармашылық емтихандар екі кезеңде өткізіледі:

1. **Сурет, Кескіндеме 2**
2. **Композиция 2 немесе сызу**

Талапкер шығармашылық емтихан тапсыру кезеңінде нысанға қарап, сурет және кескіндеме өнері арқылы қарапайым денелерден құралған натюрморттың суретін салады, оның көлеңке жарығын дәл таба білуі, қағаз бетіне дұрыс орналастыра отырып, білім деңгейін көрсетеді.

№ 1 шығармашылық емтихан: Сурет, Кескіндеме 2 (ақ-қара)

Тапсырма: Гипстен жасалынған розетка

Талапкердің алдына қойылған міндеттеме – қойылымдағы барлық заттардың сипатын және сызықтық-конструктивтік көлемін көрсету, заттардың өзара бір-бірімен тепе-тендік арақатынасын дұрыс сақтай отырып, жазықтықтағы көрінбейтін және көмекші сызықтарды пайдаланап Гипстен жасалынған розетка құрылымын сауатты жазу.

Материалдар: А3 форматтағы қағаз, үшкірленген графиттік қарандаштар, жұмсақ өшірілетін өшіргіш (ластик).

№ 2 шығармашылық емтихан: Композиция 2 немесе сызу

(түрлі-түсті)

Тапсырма: Еркін тақырыптағы композициялық жұмыс

Емтихан жұмысы кез келген жанрдағы техникалық тәсілдерді қолдана отырып, түрлі стильдеу түрлері мен формаларын және бейнелердің графикалық шарттылығын пайдалана отырып қағазда түспен орындау. Мұның бәрі жалпы шығармашылық ойдың тақырыпқа сәйкес келуі мен таңдалған тақырыптың пәндік мазмұнының мағыналық көрінісін көркемдік-композициялық тұрғыда көрсету.

Материалдар: А3 форматтағы қағаз, үшкірленген графиттік қарандаштар, жұмсақ өшірілетін өшіргіш (ластик), акварель, гуаш, түрлі-түсті қарандаштар.

I-нұсқа.

1. «Әуендік аспаптар» тақырыбына образды ассоциативтік костюмнің композициясы.
2. Ұлттық ою-өрнек қолданылған әйел сырт киім үлгісі.
3. «Авангард» тақырыбындағы жастар киім үлгісі.
4. Ерлер костюмі /спорттық стиль/
5. «Жыл мезгілдері», «Қыс» тақырыбында образды ассоциативтік костюмнің композициясы.

6. «Түн» тақырыбында образды ассоциативтік костюмнің композициясы.
7. «Жануарлар әлемі» атты образды ассоциативтік костюмнің композициясы.
8. Сәндік қолданбалы өнер негізінде «Құрақ» тақырыбында орындалған киім үлгісі
9. Кесте элементтерімен әшекейленген қалыңдық киім үлгісі.
- 10.«Әуен» тақырыбына образды ассоциативті костюм үлгісі.
11. /Романтикалық стиль/ Кешкілік киім үлгісі.
12. Жаңаша киім үлгісін тарихи негізінде орындау.
- 13.«Кубизм» тақырыбына образды ассоциативті костюм композициясы /қатты пластика/.
- 14.Фольклор элементтерімен байланыстырылған мерекелік әйел киім үлгісі.
- 15.Бітіру кешіне арналған киім үлгісі.

II-нұсқа.

1. Образды ассоциативті костюм композициясын жыл мезгілі «Күз» тақырыбында орындау.
2. «Сырмақ» тақырыбы бойынша сәндік қолданбалы негізіне байланысты костюм үлгісі.
3. «Ою-өрнек» образды ассоциативті костюм композициясы.
4. «Наурыз» образды ассоциативті костюм композициясы.
5. «Өсімдік әлемі» образды ассоциативті костюм композициясы.
6. Жастар киім үлгісі /Спорттық стиль/. «Шахмат» тақырыбындағы жастар киім үлгісі.
7. «Бизнес – леди ХХІ ғасыр» тақырыбында костюм үлгісін орындау.
8. Сәндік қолданбалы өнер негізінде ерлер киім үлгісі.
9. «Скрипка» образды ассоциативті костюм композициясы.
10. «Наурыз» мерекелік костюм.
- 11.«Музыкалық аспаптар» тақырыбындағы образды ассоциативті костюм композициясы.
- 12.Мерекелік киім үлгісінде ұлттық ою-өрнекті қолдану /арқар мүйіз/.
13. Бітіру кешіне арналған киім үлгісі.
14. «Эклектика» тақырыбындағы жастар киім үлгісі /аралас стиль/.

I-нұсқа.

1. Вернисаж интерьері \көркемдік көрме\.
2. Кафе-бар интерьері.
3. Балалар бөлмесінің көрінісі.
4. Офистің көрінісі.
5. Аңшы дүкенінің көрінісі.
6. Мода көрсететін сахна ішкі көрінісі.
7. Қонақ бөлмесінің көрінісі.
8. Асхана ішкі көрінісі.
9. Сахнаны жаңа жылға байланысты безендіру.
10. Дәрігер бөлмесінің көрінісі.
11. Гример бөлмесінің интерьері.

12. Шаштараз бөлмесінің интерьері.
13. Сая-бақтағы фонтан.
14. Балалар ойыны алаңшасы.
15. Оқу дәрісханасының ішкі көрінісі

II-нұсқа.

1. Сүт өнімдерінің жарнамасы.
2. Кеңсе тауарларының жарнамасы.
3. Жарық құралдарын жарнамалау.
4. «Оптика» салонын жарнамалау.
5. «МЕГА» орталағын жарнамалау.
6. «Ойыншықтар дүкені» белгісі мен логотипін жасау
7. «Кондитерлік фабрика» белгісі мен логотипін жасау
8. «Сүт зауыты» белгісі мен логотипін жасау
9. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» белгісі мен логотипін жасау
10. «Дизайн» белгісі мен логотипін жасау
11. «ҚР тәуелсіздік күніне» арналған плакат
12. «8 наурыз» мерекесіне арналған плакат
13. «Денсаулық-зор байлық» плакаты
14. «Наша қорлыққа – жол жоқ!» плакаты
15. «Жыл мезгілдері» плакаты

В031 – «Сән, дизайн» білім беру бағдарламалары тобы талапкерлеріне арналған шығармашылық емтихан бойынша бағалау критерийлері (оқу мерзімі – 5 жыл)

«Сурет, Кескіндеме 2» пәні бойынша

1. Жоғары деңгей -30-дан 50 баллға дейін – «өте жақсы»

1. Суреттің композициялық шешімін өте жоғары деңгейде орналастырған;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін нақты таба білген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсетудің жоғарғы деңгейде болуы және жұмыс сапалы аяқталған.

2. Жеткілікті деңгей -16-дан 29 баллға дейін – «жақсы»

1. Суреттің композициялық шешімін жақсы деңгейде орналастыра білген; (5-9)
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білген; (5-10)
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсету жақсы және жұмыс жақсы деңгейде аяқталған; (6-10)

3. Орташа деңгей -5-дан 15 баллға дейін – «қанағаттанарлық»

1. Суреттің композициялық шешімін орташа деңгейде орналастыра білген;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;

3. Заттардың көлемін ренктер арқылы көрсету орташа және жұмыстың сапасы төмен деңгейде болуы.

4. Төменгі деңгей 0-4 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»

1. Суреттің композициялық шешімін орналастыра алмаған;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы шеше алмаған және жұмыс аяқталмаған.

«Композиция 2 немесе сызу» пәні бойынша

1. Жоғары деңгей -30-дан 50 баллға дейін – «өте жақсы»

1. Композиция заңдылықтарын, суретті қағаз бетіне орналастыра білуі;
2. Зат көлемі және ойдың құрылымы;
3. Сызықтық перспектива тапсырмаларын шешу деңгейі;
4. Сурет салу кезінде көлемді заттардың көлемін бере білу қабілеті;

2. Жеткілікті деңгей -16-дан 29 баллға дейін – «жақсы»

1. Суреттің композициялық шешімін жақсы орналастыра білген;
2. Өзінің композициялық ойы нақты таба білген;
3. Перспектива заңдылығымен көлеңке, жарық бере білу қабілеті жақсы;
4. Бояу жағудың техникасын меңгеруі жақсы.

3. Орташа деңгей -5-дан 15 баллға дейін – «қанағаттанарлық»

1. Суреттің композициялық шешімін орташа деңгейде орналастыра білген;
2. Перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Суреттегі ой шашыраңқы және жұмыс төмен деңгейде болуы;
4. түстік шешімдерді дұрыс таңдай алмаған.

4. Төменгі деңгей 0-4 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»

1. Суреттің композициялық шешімін орналастыра алмаған;
2. Сызықтық перспектива мен бояу түстерін таба білмеген;
3. Заттардың көлемін ренктер арқылы шеше алмаған және жұмыс аяқталмаған;
4. Композициялық ой мүлдем жоқ.

В031 – «Сән, дизайн» білім беру бағдарламалары тобы талапкерлеріне арналған шығармашылық емтихан бойынша қысқартылған оқу түріндегі талапкерлеріне арналған бағалау критерийлері (оқу мерзімі - 4 жыл)

1. Жоғары деңгей -16-дан 20 баллды қоса – «өте жақсы»

1. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалған;
2. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы және конструктивтік құрылымын бейнелеуі, көлеңке-жарықты беруі өте жоғары деңгейде;
3. Заттардың материалын беруде тамаша шеберлік көрсеткен. Сурет салу техникасын өте жоғары меңгерген.

2. Жеткілікті деңгей -11-ден 15 баллға дейін – «жақсы»

1. Жұмысты талапқа сай орындаған, композиция заңдылықтары арқылы орындалған;
2. Суреттің орындалу техникасын жақсы меңгерген, қағаз беріне орналастыру және көлеңке-жарық беруі жақсы;
3. Кеңістік пен материалдықты жақсы берген, сурет салу техникасы жақсы.

3. Орташа деңгей - 6-тен 10 баллға дейін – «қанағаттанарлық»

1. Сурет қағаз бетіне орташа орналастырған, сызықтық перспективасын көрсете алмаған;
2. Заттардың көлемін жарық пен көлеңкесі және композициялық шешімін орташа ұйымдастырылған;
3. Заттың штрихталуы орташа және жұмыс толық аяқталмаған.

4. Төменгі деңгей -5 баллдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»

1. Суретті қағаз бетіне орналастыра алмаған, перспектива заңдылығы мүлдем сақталмаған;
2. Заттардың жарық пен көлеңкесі көрсетілмеген және композициялық шешім жоқ;
3. Штрих дұрыс істелмеген және жұмыс бітпеген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Болысбаев Д.С. Кескіндеме техникасы және кескіндемелік материалдардың технологиясы. -Шымкент: Әлем, 2017. -218 б.
2. Болысбаев Д.С. Тұстану. -Шымкент: Әлем, 2017. -168 б.
3. Бүркітбаев Т.С. Сурет. –Шымкент: М.Әуезов ат.ОҚМУ, 2015. -104 б.
4. Прокофьев Н.И. Техника и технология живописных материалов. М., 2013. -152 с.
5. Анисимов Н.Н. Основы рисования. М., «Искусство» 2011. 148 с.
6. Барщ А. Наброски и зарисовки. М, 2010.
7. Тулебиев А.Т. Учится рисовать. - Алматы :Рауан, 2012. - 62с.